



## **Бейнеу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы**

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 наурыздағы № 10/84 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 3326 болып тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы №145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10030 болып тіркелген) сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейнеу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Бейнеу аудандық мәслихатының аппарат басшысы (Б.Түйешиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы,*

*Аудандық мәслихат*

*хатшысы*

*A. Ұлғұбанов*

**"КЕЛІСІЛДІ":**

"Бейнеу аудандық тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

Т.Нұрмайбетов

"7" наурыз 2017 жыл

Бейнеу аудандық мәслихатының

2017 жылғы 7 наурыздағы

№ 10/84 шешіміне қосымша

**Бейнеу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.07.2019 № 38/309(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

№	Нысан атауы	Есептеу бірлігі	ҚТҚ жинақталу орташа жылдық нормасы, м <sup>3</sup>
1	2	3	4
1.	Жайлыш үйлер	1 тұрғын	1,98
	Жайлыш емес үйлер		2,18
2.	Жатақханалар, интернattар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	-
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	2,28
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,33
5.	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,895
6.	Емханалар	1 келіп кету	0,18
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу – сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,915
8.	Мектептер және өзге де оку орындары	1 окушы	0,135
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,785
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,89
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,03
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,07
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,045
14.	Азық – тұлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,095
15.	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	-
16.	Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.07.2019 № 38/309(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.		
17.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,37
18.	Азық-тұлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,09
19.	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
20.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,11

21.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,985
22.	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
23.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,295
24.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,445
25.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,94
26.	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,25
28.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,35
29.	Зергерлік, аяқ-киімді, сагаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,21
30.	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	-
31	Моншалар, саunalар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,4
32.	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар үйымдастыратын заңды үйымдар	1000 қатысушы	1,06
33.	Бау-бақша кооперативтері	1 участке	-

ҚТҚ түзілу нормасы белгіленбegen, себебі ҚТҚ тасымалдауды келісім шарт негізінде арнайы үйымдар арқылы көліктермен сауда базар аумағында өздері жүзеге асырады.

ҚТҚ түзілу нормасы белгіленбegen, себебі ҚТҚ тасымалдауды жүзеге асыратын үйымдардың мәліметі бойынша аталған нысандар Бейнеу ауданында орналасқан.

Аббревиатураның ажыратып жазылуы:

ҚТҚ - қатты тұрмыстық қалдық;

АЖС – автокөліктерге жанармай құю станциясы;

м<sup>2</sup> - шаршы метр;

м<sup>3</sup> - текше метр.